

## Аңшылық, балық шаруашылықтарын жүргізуге арналған шарттардың ұлгілік нысандарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 542 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 8 қаңтарда № 18158 болып тіркелді.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 12) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

### 1. Мыналардың:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес аңшылық шаруашылығын жүргізуге арналған;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес балық шаруашылығын жүргізуге арналған (кәсіпшілік немесе әуесқойлық (спорттық) балық аулауды жүргізу кезінде);
- 3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес балық шаруашылығын жүргізуге арналған (көл-тауарлы балық өсіру шаруашылығын немесе шарбақтық балық өсіру шаруашылығын жүргізу кезінде) шарттардың ұлгілік нысаны бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – КР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 16.09.2020 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. "Балық аулау және балық шаруашылығын жүргізу шарттарының ұлгілік нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 15 қаңтардағы № 18-04/16 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10229 болып тіркелген, 2015 жылғы 13 ақпанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) қүші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары –

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

Ә. Шөккев

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

орынбасары –

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрінің

2018 жылғы 27 желтоқсандағы

№ 542 бұйрығына

1-қосымша

Үлгілік нысан

### **Аңшылық шаруашылығын жүргізуге арналған шарт**

**Ескерту. Үлгілік нысан жаңа редакцияда – КР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 02.09.2022 № 594 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

\_\_\_\_\_ (елді мекен) 20\_\_жылғы "\_\_\_"  
\_\_\_\_\_ облысы әкімдігінің 20\_\_ жылғы "\_\_\_"

№\_\_ қаулысы негізінде, бұдан әрі "Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі"

деп аталатын, Ереже негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_,  
(Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі) бір тараптан және бұдан әрі  
"Пайдаланушы" деп аталатын, \_\_\_\_\_ негізінде әрекет  
ететін \_\_\_\_\_

— (занды тұлғаның атауы немесе азаматтың аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, мекенжайы)

атынан \_\_\_\_\_  
(аңшылық ісін пайдаланушы өкілінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, лауазымы)

екінші тараптан, төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі – шарт) жасасты:

## **1-тaraу. Шарттың нысанасы**

1. Уәкілетті орган ведомствоның аумақтық бөлімшесі

облысы \_\_\_\_\_ ауданында,

шекараларында (осы шартқа қоса берілген аңшылық шаруашылық паспортында көрсетілген межелі нүктелер мен басқа да параметрлерге сәйкес шекаралардың сипаттауын көрсету керек) орналасқан, жалпы аланы \_\_\_\_\_ гектар, оның ішінде: ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участкелері \_\_\_\_\_ гектар, мемлекеттік орман қорының жер участкелері \_\_\_\_\_ гектар, мемлекеттік жер қорының жер участкелері \_\_\_\_\_ гектар; су айдындары \_\_\_\_\_ гектар;

басқалары \_\_\_\_\_ гектар болатын Пайдаланушыға бекітіп берілген аңшылық алқаптарда аңшылық шаруашылығын жүргізу құқығын береді.

## **2-тaraу. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

2. Пайдалануның:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жолдамалар беруге және олардың пайдалану мерзімін белгілеуге;

2) жануарлар дүниесін пайдаланудың тек рұқсат берілген түрлерін ғана жүзеге асыруға;

3) жануарлар дүниесі объектілерін оларды беру шарттарына сәйкес пайдалануға;

4) ауланған жануарлар дүниесі объектілерін, оның ішінде аңшылық олжаларын және бұл ретте алынған өнімді меншіктенуге, сондай-ақ оларды тасымалдауға және сатуға;

5) жануарлар дүниесін пайдалануға жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасуға ;

6) белгіленген сервитутқа сәйкес аңшылық шаруашылығының мұқтаждықтары үшін уақытша құрылыштар салуға;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормалар мен қағидаларға сәйкес қорықшыларды қызметтік қарумен қамтамасыз етуге;

8) аң-құс өсіруді жүзеге асыруға және аң-құс өсіруге (еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда) арналған аумақта әуесқойлық (спорттық) аң аулауды жүргізуге, сондай-ақ аң-құс өсіру нәтижесінде өсімі молайған жануарларды өз бетінше пайдалануға құқығы бар.

3. Пайдалануышы:

- 1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға;
- 2) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен рұқсат алынған жер бойынша жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақыны дер кезінде төлеуге;
- 3) жануарлар мекендейтін ортаның нашарлауына жол бермеуге;
- 4) өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға;
- 5) жануарлар дүниесін табиғи қауымдастықтар тұтастығының бұзылуына және жануарларға қатыгез қарауға жол бермейтін халық пен қоршаған орта үшін қауіпсіз тәсілдермен пайдалануға;
- 6) пайдаланылатын жануарлар дүниесі объектілері санының жыл сайынғы есебін жүргізіп, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен есеп беріп тұруға;
- 7) жануарлар дүниесі объектілерін, оның ішінде сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнгендерін қорғау мен өсімін молайтуды қамтамасыз етуге және олардың санының азайып кетуіне жол бермеуге;
- 8) аңшылық шаруашылығының ішкі регламентін бекітуге;
- 9) жеке тұлғаларға олардың жазбаша және ауызша өтініштері бойынша әуесқойлық (спорттық) аң аулауды жүргізуға жолдама беруге;
- 10) шаруашылық ішіндегі аңшылық ісін ұйымдастыруға сәйкес жануарлар дүниесі объектілерінің өсімін молайтуды қамтамасыз ететін қажетті іс-шаралар жүргізуғе;
- 11) аншлагтар орнатуға;
- 12) \_\_\_\_\_ адам мөлшерінде қорықшылық қызметін құруға;
- 13) ветеринариялық іс-шаралардың өткізілуін қамтамасыз етуге;
- 14) 20 \_\_жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_ дейін шаруашылық ішіндегі аңшылық ісін ұйымдастыруға және оның орындалуын қамтамасыз етуге;
- 15) аңшылық алқаптарды бекітіп беруге арналған конкурсқа қатысу кезінде Пайдаланушы мәлімдеген міндеттемелерді орындауға;
- 16) осы шарттың талаптарын орындауға;
- 17) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылау және қадағалау мақсатында тексерістерді жүзеге асыруға кедергі жасамауға;
- 18) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде ведомствоның аумақтық бөлімшесіне жеке және заңды тұлғалармен жануарлар дүниесін пайдалануға жасалған шарттар туралы, оның ішінде оларды бұзу туралы ақпарат жіберуге;
- 19) қорықшыларды көлік, байланыс құралдарымен, айырым белгілері бар арнайы киіммен, қорықшының төсбелгісімен, қорықшының куәлігімен қамтамасыз етуге;
- 20) табиғатты қорғау және жануарлар дүниесін пайдалану саласында мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізуғе;

21) зоологиялық коллекцияның жасалғаны туралы уәкілетті органның ведомствосын хабардар етуге міндettі. Уәкілетті органның ведомствосына хабарламалар беру қызметтің жүзеге асырылуы басталғанға дейін кемінде он жұмыс күні бұрын жүзеге асырылады;

22) бекітіп берілген аңшылық алқаптарда жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі іс-шараларды аңшылық шаруашылығы субъектілері есебінен қаржыландыруға;

23) бекітіп берілген аңшылық алқаптарда жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану бойынша өндірістік бақылауды қамтамасыз етуге;

24) жеке тұлғаларға әуесқойлық (спорттық) аң аулауды жүзеге асыру үшін сервитут беруге;

25) қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асырғанда Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес экологиялық рұқсат алуға міндettі.

4. Уәкілетті орган ведомствоның аумақтық бөлімшесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыret шегінде:

1) аңшылық шаруашылығын жүргізу шартының талаптары жүйелі түрде бұзылғанда;

2) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары жүйелі түрде бұзылғанда шартты бір жақты тәртіппен бұзуға құқығы бар.

### **3-тарау. Тараптардың жауапкершілігі**

5. Пайдаланушы осы шарт бойынша міндettемелерін ешкімге толықтай да, ішінара да бермеуі тиіс.

6. Уәкілетті орган ведомствоның аумақтық бөлімшесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат береді.

7. Пайдаланушы осы шарт бойынша міндettемелерін орындаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оған ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін.

8. Пайдаланушиның құқықтары бұзылған жағдайда, Уәкілетті орган ведомствоның аумақтық бөлімшесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

### **4-тарау. Еңсерілмейтін күштің мән-жайлары**

9. Егер шарттың қандай да бір міндettемелерін орындау немесе тиісінше орындау Еңсерілмейтін күштің мән-жайларынан туындаса, Тараптардың ешқайсысы осылай орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін жауапты болмайды.

10. Еңсерілмейтін күштің мән-жайлары деп Тараптардың бақылауына көнбейтін, олардың қателігімен немесе салақтығымен байланысты емес және тосын сипатқа ие осы шартты орындауға кедергі келтіретін оқиға танылады.

11. Еңсерілмейтін күштің мән-жайлары туындаған жағдайда, Пайдаланушы бұл жайында почтамен немесе факсимильді байланыспен еңсерілмейтін күштің мән-жайлары басталған уақытты және сипаттамасын нақтылайтын жазбаша хабарлама тапсыру және (немесе) жөнелту арқылы Уәкілдегі органдардың аумақтық бөлімшесі дереу хабардар етеді.

12. Еңсерілмейтін күштің мән-жайлары туындаған кезде, Тараптар орын алып отырған жағдайдан шығудың амалын іздестіру үшін Инспекция өкілдерінің қатысуымен дереу кенес өткізеді және еңсерілмейтін күштің мән-жайларының зардаптарын барынша азайту үшін заңнамаға қайшы келмейтін барлық құралдарды пайдаланады.

13. Осы тарауда көрсетілген еңсерілмейтін күштің мән-жайларын құзыретті мемлекеттік органдар мен үйымдар растаған болса, олар заңды болып танылады.

## 5-тарау. Қорытынды ережелер

14. Осы шарт қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және 20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_ дейін \_\_\_\_ жыл мерзімге жасалды.

15. Осы шарттың қолданылуы:

- 1) аңшылық шаруашылығын жүргізуден ерікті түрде бас тартқан;
- 2) шарттың қолданылу мерзімі аяқталған;
- 3) Пайдаланушиның қызметі тоқтатылған;

4) аңшылық алқаптар және (немесе) участеклер бекітіп берілген жер участеклері Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен мемлекет мүқтаждығы үшін алып қойылған жағдайларда тоқтатылады.

16. Аңшылық шаруашылығын жүргізу жөніндегі дауларды шешу кезінде тараптар осы шарттың талаптарын, шаруашылық ішіндегі аңшылық ісін үйымдастыруды және Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылықта алады.

17. Есепке алу аландары мен жануарлардың маршруты көрсетіле отырып жоспарланған аңшылық шаруашылықтардың карта-схемалары бар осы шартқа қосымшаға сәйкес бекітілген нысандағы паспорт осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

18. Осы шартқа енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде жасалып, оған екі тараптың уәкілдегі өкілдері қол қойған болса, олардың заңды күші болады және шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

19. Тараптар осы шарттан туындаитын дауларды келіссөздер арқылы шешуге тырысады, ал тараптар келісімге қол жеткізбеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

20. Осы шарт зандық күші бірдей \_\_\_\_\_ данада мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды.

**6-тарау. Таралттардың занды мекенжайлары, деректемелері және қолтаңбалары**

Уәкілдегі орган ведомствоның аумақтық бөлімшесі

Пайдаланушы \_\_\_\_\_  
(атауы) (атауы)

(почталық мекенжайы) (почталық мекенжайы)

(банктік деректемелері) (банктік деректемелері)

(лауазымы, аты, әкесінің аты (лауазымы, аты, әкесінің аты  
(бар болса), тегі) (бар болса), тегі)

(қолы, мөрі (бар болса)) (қолы, мөрі (бар болса))

**Аңшылық шаруашылығының паспорты 1-тарау.**

Аңшылық шаруашылығының сипаттамасы

1. Аңшылық шаруашылығының атауы: \_\_\_\_\_

2. Пайдаланушы: \_\_\_\_\_

(ұйымның атауы және мекенжайы)

3. Негізде - \_\_\_\_\_ облысы әкімдігінің 20\_\_ жылғы "\_\_\_" № \_\_\_\_ қауалысы

және 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ дейін \_\_\_\_ жыл мерзімге

жасалған \_\_\_\_\_ мен \_\_\_\_\_ арасындағы 20\_\_ жылғы  
"\_\_\_" № \_\_\_\_\_ аңшылық шаруашылығын жүргізуге арналған шарт.

Бекіту мерзімі \_\_\_\_\_ жыл, 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ дейін.

4. Аңшылық шаруашылығы \_\_\_\_\_ облысы \_\_\_\_\_ ауданының аумағында орналасқан.

5. Аңшылық шаруашылығының шекаралары \_\_\_\_\_ (межелі нұктелерге сәйкес шекаралардың сипатталуы көрсетілуі керек)

6. Аңшылық шаруашылығының аланды: \_\_\_\_\_ гектар, оның ішінде: мемлекеттік орман қорының жерлері \_\_\_\_\_ гектар, ауыл шаруашылығы мақсатындағы бекітіп берілген жерлер \_\_\_\_\_ гектар, су айдандары \_\_\_\_\_ гектар; мемлекеттік жер қоры жерлері \_\_\_\_\_ гектар, өзгелері \_\_\_\_\_ гектар.

7. Аңшылық шаруашылығындағы қорықшы участекелердің (айналмалардың) саны:

**2-тарау. Аңшылық ісінің көрсеткіштері**

8. Шаруашылық ішіндегі аңшылық ісін 20 \_\_\_ жылы \_\_\_\_\_ орындауды.

(орындаушы)

9. \_\_\_\_\_ аңшылық шаруашылығының санаты, аңшылық шаруашылығы қызметінің негізгі бағыты: жануарлар дүниесі түрлерінің әр алуандылығын, олардың мекендеу ортасын, жануарларды, оның ішінде аң аулау объектісіне жатпайтындарды, тұрақты пайдалануды, өсімін молайтуды және қорғауды сактау, әуескөй (спорттық) аң аулауды ұйымдастыру.

10. Аң аулау объектілері болып табылатын жануарлардың негізгі түрлері бойынша бонитеттік бағалау шаруашылық ішіндегі аңшылық ісін ұйымдастыру материалдарында келтіріледі.

11. Аңшылық алқаптардың жануарлар түрлері бойынша өткізу қабілеті: суда жүзетін аң-құстар бойынша: \_\_\_\_\_;

егіс және дала аң-құстары бойынша: \_\_\_\_\_;

орман аң-құстары бойынша: \_\_\_\_\_;

батпақты жерлердің аң-құстары бойынша: \_\_\_\_\_;

қырғауыл бойынша: \_\_\_\_\_;

қоян бойынша: \_\_\_\_\_;

тұяқты жануарлар бойынша: \_\_\_\_\_;

өзге түрлер: \_\_\_\_\_;

(түрлердің атауы)

12. Шаруашылық ішіндегі аңшылық ісін ұйымдастыру көрсеткіштері

p/c №	Шаруашылық ішіндегі аңшылық ісінің көрсеткіштері	20 ___ ж.				
1	Жануарлар дүниесі объектілерінің өсімін молайтуға арналған участекелер: Саны/алаңы					
2	Дамылдау аймақтары: Саны/алаңы					

3	Аншлагтар саны					
4	Мұнаралар саны					
5	Кепелер саны					
6	Басқалары					

**13. Аңшылық шаруашылығының штаты:**

p/c №	Штаттық лауазымдардың атауы	Штат бірліктерінің саны	Жылдық жалақы (мың теңге)	Ескертпелер
1	Директор			
2	Аға аң танушы			
3	Аң танушы			
4	Аға қорықшы			
5	Қорықшы			
6	Басқалары			

**3-тaraу. Өсімді молайту көрсеткіштері**

**14. Аңшылық шаруашылығы үшін зиянды жануарлардың санын шектеу:**

p/c №	Ауланғаны (бас)	20_жыл	20_жыл	20_жыл	20_жыл	20_жыл	20_жыл
1	Қасқыр						
2	Шибөрі						
3	Қаңғыбас иттер мен мысықтар						
4	Қарға-құзғын тұқымдастары						
5	Басқалары						

**15. Жануарларды аңшылық шаруашылығына шығару**

p/c №	Жануар түрі	20_жыл	20_жыл	20_жыл	20_жыл	20_жыл
1						
2						
3						

**16. Аңшылық шаруашылығында биотехникалық іс-шаралар жүргізу (бірліктер саны )**

p/c №	Жасалды	20_жыл	20_жыл	20_жыл	20_жыл	20_жыл	20_жыл
1	Жасанды ұялар						
2	Ұсақ тастақ жерлер						
3	Суаттар						

4	Сортандар					
5	Тұрақты астаулар					
6	Коректендір у алаңқайлар ы					
7	Құс қанаты қомдалатын жерлер					
8	Құстар бой тасалайтын бұталар					
9	Шабылған жерлер					
10	Өзгелері					

17. Аңшылық шаруашылығының аумағында есепке алынған аңшылық жануарлары (дарақ):

№	Жануарлар түрлері	20_жыл	20_жыл	20_жыл	20_жыл	20_жыл
1						
2						
3						
4						
5						

18. Жабайы жануарлар үшін дайындалған және салынған азық және үстеме азық

p/c №	Азық түрлері	Дайындалған азық көлемі (бөлімінде - дайындалғаны, алымында - салынғаны)				
		20_жыл	20_жыл	20_жыл	20_жыл	20_жыл
1	Пішен (тонна)					
2	Сыпырғы мен бұтакшалар (центнер)					
3	Тамыр жемістер (центнер)					
4	Астық (центнер)					
5	Астық қалдығы (центнер)					
6	Жеміс-жидектер (центнер)					
7	Басқа азықтар (центнер)					

8	Тұз килограмм)				
9	Өзгелері				

### 19. Аңшылық шаруашылығы қызметіне жұмсалған еңбек үлесі

p/c №	Жұмыстар атаяу	Бірлік өлшеу	20_жыл	20_жыл	20_жыл	20_жыл
1	Алқаптарды қорғау					
2	Биотехникалық іс-шаралар					
3	Мәдени-ағарту жұмыстары					
4	Басқалары					

### 4-тaraу. Экономикалық көрсеткіштер

#### 20. Браконьерлікпен күрес

p/c №	Анықталған қағидаларды бұзу фактілері	20_жыл	20_жыл	20_жыл	20_жыл
1	Аң аулауда				
2	Өзгелерінде				

### 21. Аңшылық шаруашылығында аң аулайтын иттердің, еліктіруші үйректердің болуы

p/c №	Түрлері	20_жыл	20_жыл	20_жыл	20_жыл
1	Аң аулайтын иттер				
2	Еліктіруші үйректер				
3	Өзгелері				

### 22. Аңшылық шаруашылығындағы құрылыштардың болуы

p/c №	Құрылыш түрі	Салынған жылы	Саны	Алаңы (шаршы метр)	Төсек орнының саны	Ескертпе
1	Корықшы кордоны					
2	Басқа да құрылыштар					

### 23. Аңшылық шаруашылығындағы көліктердің болуы

p/c №	Көлік түрлері	20__ж.	20__ж.	20__ж.	20__ж.	20__ж.
1	Жүк автомашиналары					
2	Женіл автомашиналар					

3	Мотоциклдер
4	Қайықтар
5	Аттар
6	Қаршаналар
7	Өзгелері

Пайдалануши: \_\_\_\_\_

/ \_\_\_\_\_ /

Аңшылық шаруашылығының паспортын Пайдалануши жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың бірінші тоқсанында статистикалық және бухгалтерлік есепке алу құжаттарының негізінде толтырады. Паспортқа аңшылық шаруашылығының шекаралары мен межелі нұктелері көрсетілген карта-схема және жануарлардың есепке алу аландары мен есепке алу маршруттары көрсетілген карта-схема қоса беріледі.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары –  
Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
Министрінің  
2018 жылғы 27 желтоқсандағы  
№ 542 бұйрығына  
2-қосымша

**Балық шаруашылығын жүргізуге арналған шарт (кәсіпшілік немесе әуесқойлық (спорттық) балық аулауды жүргізу кезінде)**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 20.06.2022 № 223 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

\_\_\_\_\_ (елді мекен)

20 \_\_\_\_ жылғы  
" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ облысы (ауданы) әкімдігінің балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) участкерін бекітіп беру туралы 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " № \_\_\_\_ шешімі (қаулысы)

негізінде \_\_\_\_\_

— (кәсіпшілік, әуесқойлық (спорттық) балық аулауды)  
жүргізу мақсатында Ереже негізінде әрекет ететін, бұдан әрі "Уәкілетті органның ведомствосының аумақтық бөлімшелері" деп аталатын, \_\_\_\_\_ бір тараптан және

— (уәкілетті органның ведомствосының аумақтық бөлімшелері)

---

негізінде әрекет ететін, бұдан әрі "Пайдаланушы" деп аталатын

---

---

(занды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, мекенжайы) атынан

---

---

(пайдаланушы өкілінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, лауазымы)

---

екінші тараптан төмендегілер туралы осы шартты жасасты.

### **1-тарау. Шарттың нысаны**

1. "Уәкілетті органның ведомствоның аумақтық бөлімшелері" осы шартқа қоса беріліп отырған балық шаруашылығы су айдының және (немесе) участкесінің паспортында алаңы, мөлшері және басқа параметрлері көрсетілген, \_\_\_\_\_ облысы \_\_\_\_\_ ауданында орналасқан "Пайдаланушыға" \_\_\_\_\_ жүргізу мақсатында

(кәсіпшілік, әуесқойлық (спорттық) балық аулауды)

бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдын (дар) ында және (немесе) участкелерінде балық шаруашылығын жүргізу құқығын береді.

2. Балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) участкелерінің тізбесі және /немесе олардың нөмірлері \_\_\_\_\_

### **2-тарау. Тараптардың құқықтары**

3. "Пайдаланушы" "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес:

1) жануарлар дүниесінің өздеріне рұқсат етілген түрлерін ғана пайдалануды жүзеге асыруға;

2) ауланған жануарлар дүниесі объектілерін, оның ішінде балық аулау олжаларын және бұл ретте алынған өнімді меншіктенуге, сондай-ақ оларды тасымалдауға және сатуға құқығы бар.

4. "Уәкілетті органның ведомствоның аумақтық бөлімшелері" Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген құзіреті шегінде осы шартты біржакты тәртіппен мынадай жағдайларда:

1) осы шарттың талаптары жүйелі түрде бұзылғанда (жылына үш немесе одан да көп рет);

2) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары жүйелі түрде бұзылғанда (жылына үш немесе одан да көп рет);

3) "Аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерін дамыту жоспарының үлгілік нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 18-04/287 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10890 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша Балық шаруашылығы субъектілерін дамыту жоспарына сәйкес міндеттемелер орындалмағанда немесе толық орындалмағанда бұзады.

### **3-тaraу. Тараптардың міндеттері**

5. "Пайдаланушы" "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес:

1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға;

2) Қазақстан Республикасының салық зандарында белгіленген тәртіппен жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақыны уақтылы енгізуге;

3) жануарлар мекендейтін ортаның нашарлауына жол бермеуге;

4) жануарлар дүниесін халық пен қоршаған ортаға қауіпсіз, табиғи үйірлер тұтастырының бұзылуына және жануарларға қатыгез қарауға жол бермейтін тәсілдермен пайдалануға;

5) мыналарды:

бақылау үшін аулауды жүзеге асыру үшін – уәкілетті орган ведомствоның аумақтық бөлімшесіне (бұдан әрі – Инспекция);

ғылыми-зерттеу үшін аулауды жүзеге асыру үшін – жеке және занды тұлғаларға;

әуесқойлық (спорттық) балық аулауды жүзеге асыру үшін – жеке тұлғаларға сервітут беруге;

6) биологиялық негіздеменің негізінде бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдынында және (немесе) участкесінде балық шаруашылығы мелиорациясын, балық ресурстарының және басқа да су жануарларының кәсіптік запасының деректерін жыл сайын түзетуді жүргізуге;

7) әрбір балық шаруашылығы су айдынында және (немесе) участкесінде, кемеде (балық аулайтын және көліктік), қабылдау пунктінде, бригадада немесе звенода "

Аңшылық шаруашылықтар, өсімін молайту участеклері мен тыныштық аймақтары, балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) участеклерінің шекаралары анишлагтарының үлгілерін, сондай-ақ аң аулау мен балық аулау үшін тыйым салынған мерзімдер мен орындарды, балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулауды есепке алу журналының (кәсіпшілік журналдың) нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 13 наурыздағы № 25-03-02/96 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7573 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша (бұдан әрі –Үлгілер) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулауды есепке алу журналын (кәсіпшілік журналын) жүргізуге және оны Инспекцияның лауазымды адамдарының талап етуі бойынша ұсынуға;

8) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 185 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 6196 болып тіркелген) бекітілген Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулап алу, су айдындағы кәсіпшілік жағдай, берілген жолдамалар туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну ережесімен белгіленген тәртіппен және мерзімде Инспекцияға ауланған балық ресурстары және басқа да су жануарлары, су айдындағы кәсіпшілік жағдай және берілген жолқұжаттар туралы мәліметтерді ұсынуға;

9) жануарлар дүниесі объектілерін, оның ішінде сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнгендерін қорғауды және олардың өсімін молайтуды қамтамасыз ету және олардың санының азауына жол бермеуге;

10) балық шаруашылығы субъектілерін дамыту жоспарларына сәйкес жануарлар дүниесі объектілерінің өсімін молайтуды қамтамасыз ететін қажетті іс-шараларды жүргізуға;

11) үлгілер бойынша қыстау шұнқырларының, уылдырық шашатын жерлердің шекараларын, балық аулауға тыйым салынған балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) участеклерінің және жерлердің шекараларын белгілейтін анишлагтарды орнатуға;

12) қорықшылық қызметін құруға және оның құзет қызметін ұйымдастыруға;

13) қорықшыларды көлік, байланыс құралдарымен, айырым белгілері бар арнайы киіммен, қорықшының төсбелгісімен, қорықшының куәлігімен қамтамасыз етуге;

14) "Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 29 қарашадағы № 363-Ө бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9203 болып тіркелген) бекітілген нысандар бойынша және тәртіппен Инспекцияға мәліметтер ұсынуға;

15) жеке тұлғаларға олардың ауызша және/немесе жазбаша өтініштері бойынша әуесқойлық (спорттық) балық аулауға жолдама беруге;

- 16) кәсіпшілік күш-жүгөр нормативтерін сақтауға;
- 17) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 21 тамыздағы № 341 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15739 болып тіркелген) бекітілген Шаруашылық қызметі нәтижесінде балық ресурстары мен басқа да су жануарларына келтірілетін және келтірілген зиянды, оның ішінде болмай қоймайтын зиянды өтеу мөлшерін есептеу әдістемесіне сәйкес балық ресурстарына келтірілетін және келтірілген зиянды, оның ішінде болмай қоймайтын зиянды өтеуге;
- 18) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңнамасы талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылау мен қадағалау мақсатында тексерулерді жүзеге асыруға кедергі келтірмеуге;
- 19) қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асырғанда Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес экологиялық рұқсат алуға;
- 20) балық аулауға тыйым салынған уылдырық шашу кезеңінде және балық аулауға тыйым салынған су айдындарында және (немесе) участеклерінде су көлігінің қозғалысын келісуге;
- 21) өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға міндетті;
- 22) Қазақстан Республикасы заңнамасында санитарлық-эпидемиологиялық және экологиялық талаптарға сәйкес су объектілерінің жағауларын немесе олардың бөліктерін олар пайдаланатын жерлерде күтіп ұстауға міндетті.

6. "Жергілікті атқарушы орган (Әкімдік)" Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде:

1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндеттін атқарушының 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 18-04/675 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10168 болып тіркелген) бекітілген Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру қағидаларында белгіленген талаптарды сақтаған жағдайда, "Пайдаланушыға" жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беруге міндетті.

#### **4-тaraу. Тараптардың жауапкершілігі**

7. "Пайдаланушы" осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін ешкімге толығымен де, ішінара да бермеуі тиіс.

8. Бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) участеклерінде жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және орнықты пайдалану жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру "Пайдаланушының" өз қаражаты есебінен жүргізіледі.

9. Осы шарттың шеңберінде "Пайдаланушының" құқықтары бұзылған жағдайда Инспекция немесе "Жергілікті атқарушы орган (Әкімдік)" "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына

және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жаупты болады.

## **5-тарау. Бой бермейтін күштің мән-жайлары**

10. Егер Шарттың қандай да бір міндеттемелерін орындау немесе тиісінше орындау бой бермейтін күштің мән-жайларынан туындаса, Тараптардың ешқайсысы оларды орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін жаупты болмайды.

11. Бой бермейтін күштің мән-жайлары деп Тараптардың бақылауына көнбейтін, олардың қателігімен немесе салақтығымен байланысты емес және тосын сипатқа ие осы Шартты орындауға кедергі келтіретін оқиға танылады.

12. Бой бермейтін күштің мән-жайлары туындаған жағдайда, Пайдаланушы бұл жайында початмен немесе факсимильді байланыспен бой бермейтін күштің мән-жайлары басталған уақытты және сипаттамасын нақтылайтын жазбаша хабарлама тапсыру және (немесе) жөнелту арқылы "Жергілікті атқарушы органды (Әкімдікти)" және Инспекцияны дереу хабардар етеді.

13. Бой бермейтін күштің мән-жайлары туындаған кезде, Тараптар орын алғып отырған жағдайдан шығудың амалын іздестіру үшін Инспекция өкілдерінің қатысуымен дереу кеңес өткізеді және бой бермейтін күш мән-жайларының зардаптарын барынша азайту үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін барлық құралдарды пайдаланады.

14. Осы тарауда көрсетілген бой бермейтін күштің мән-жайларын құзыретті мемлекеттік органдар мен ұйымдар растаған болса, олар занды болып танылады.

## **6-тарау. Қорытынды ережелер**

15. Осы Шарт қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және \_\_\_\_\_ жыл мерзімге жасалған.

16. Осы Шарттың қолданылуы мынадай:

- 1) балық шаруашылығын жүргізуден ерікті түрде бас тартқан;
- 2) осы шарттың қолданылу мерзімі аяқталған;
- 3) "Пайдалануышының" қызметі тоқтатылған;

4) балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) участеклері бекітіліп берілген жер участеклері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекет мұқтажына алып қойылған жағдайларда тоқтатылады.

"Пайдаланушы" қызметі тоқтатылған жағдайда құнтізбелік он күн ішінде уәкілетті органның ведомствоның аумақтық бөлімшелерін пошта арқылы жазбаша хабарлама жіберу арқылы қызметінің тоқтатылғаны туралы хабардар етеді.

17. Балық шаруашылығын жүргізу бойынша дауларды шешу кезінде Тараптар осы Шарттың талаптарын және Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

18. "Пайдаланушыға" бекітіліп берілген осы шартқа қосымшаға сәйкес белгіленген нысандары балық шаруашылығы су айдынының және (немесе) участкесінің паспорты осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

19. Осы Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде жасалса және оған екі тараптың үәкілетті өкілдері қол қойса занды күшке ие болады және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

20. Тараптар осы Шарттан туындаған дауларды келіссөздер арқылы шешуге тырысады, ал егер Тараптар келісімге келе алмаса, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен шешіледі.

21. Осы Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде бірдей занды күші бар \_\_\_\_ данада жасалды.

## 7-тaraу. Тараптардың занды мекенжайлары, деректемелері және қолтаңбалары

"Уәкілетті органның  
ведомствоның  
аумақтық бөлімшелері"

(атауы)

(почталық мекенжайы)

(банктік деректемелері)

(лауазымы, аты, әкесінің  
аты (бар болса), тегі)

(қолы, мөрі (бар болса)

"Пайдаланушы"

(атауы)

(почталық мекенжайы)

(банктік деректемелері)

(лауазымы, аты, әкесінің аты  
(бар болса), тегі

(кол, мөр орны (жеке  
кәсіпкерлік субъектісі болып  
табылатын адамдарды  
қоспағанда)

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары –  
Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің  
2018 жылғы 27 желтоқсандағы  
№ 542 бұйрығына  
3-қосымша

**Балық шаруашылығын жүргізуге арналған шарт (көл-тауарлы балық өсіру шаруашылығын  
немесе тор қоршамада балық өсіру шаруашылығын жүргізу кезінде)**

Ескерту. Бұйрық З-қосымшамен толықтырылды – КР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 16.09.2020 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – КР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 17.06.2021 № 201 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

(елді мекен) 20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_"  
облысы (ауданы) әкімдігінің балық шаруашылығы су  
айдындарын және  
(немесе) участкерін бекітіп беру туралы 20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_" № \_\_\_\_ шешімі  
(қаулысы)  
негізінде \_\_\_\_\_

(көлде тауарлы балық шаруашылығын (бұдан әрі – КТБШ), тор қоршамада балық  
өсіру шаруашылығын)

жүргізу мақсатында Ереже негізінде әрекет ететін, бұдан әрі "Уәкілетті органның  
аумақтық бөлімшесі" деп аталатын, \_\_\_\_\_

бір тараптан  
және \_\_\_\_\_

(уәкілетті органның ведомствоның аумақтық бөлімшелері)  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

негізінде әрекет ететін, бұдан әрі "Пайдаланушы" деп аталатын \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

(занды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі,  
мекенжайы)

атынан \_\_\_\_\_  
(пайдаланушы өкілінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, лауазымы)  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

екінші тараптан төмендегілер туралы осы шартты жасасты.

## **1-тaraу. Шарттың нысанасы**

1. "Уәкілетті органның ведомствоның аумақтық бөлімшелері" осы шартқа қоса беріліп отырған балық шаруашылығы су айдынының және (немесе) участекесінің паспортында алаңы, мөлшері және басқа параметрлері көрсетілген, \_\_\_\_\_  
облысы \_\_\_\_\_ ауданында орналасқан "  
Пайдаланушыға" \_\_\_\_\_ жүргізу мақсатында

(КТБШ, тор қоршамада балық өсіру шаруашылығын)

бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдын (дар) ында және (немесе) участекелерінде балық шаруашылығын жүргізу құқығын береді.

2. Балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) участекелерінің тізбесі және /немесе олардың нөмірлері \_\_\_\_\_

## **2-тaraу. Тараңтардың құқықтары**

3. Пайдаланушы "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес:

1) қолданыстағы заңнамамен тыйым салынғандарды қоспағанда, балықтардың және басқа да су жануарларының барлық түрлерін өсіруді жүзеге асыруға;

2) туризмді, сондай-ақ азаматтардың рекреациялық қызметін, оның ішінде өзіне бекітілген балық шаруашылығы су айдынында және (немесе) участекесінде әуесқойлық (спорттық) балық аулауды қамтамасыз ету мақсатында коммерциялық мақсаттарда тауарлық балық өсіруді жүзеге асыруға;

3) табиғи су қоймаларын балық жіберу мақсатында және тауарлы өсіру үшін отырғызу материалы ретінде кәсіпшілік, сондай-ақ сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген балық түрлерінің шабактарын өсіруді жүзеге асыруға;

4) жануарлар дүниесінің өсірілген объектілеріне, оның ішінде балық аулау олжаларын және бұл ретте алынған өнімді меншіктенуге, сондай-ақ оларды тасымалдауға және сатуға;

5) жеке және заңды тұлғалармен өсірілетін балық түрлерінің аналық балықтар басы және олардың шабактарын сатып алуға шарттар жасасуға;

6) өндірушілердің аналық және аналық табындарын ұстаяуға;

7) жанар-жағар май материалдарының суға тұсуіне жол бермеу мақсатында, сондай-ақ мемлекеттік органдардың жүзу құралдарының қозғалысына, сондай-ақ фарватер желісі бойынша жүріп келе жатқан кеме қатынасына кедергі келтірмейтін балықтардың мазасыздану факторын болдырмау мақсатында, бұл ретте туристік, жеке, әуесқойлық және кез келген өзге де бөгде жүзу құралдарының және адамдардың кіруіне кедергі келтіретін арқандармен және буйлармен жыл бойы (шарбақтық балық өсіру шаруашылықтары үшін) бөгеуге;

8) жыртқыштар шарбақты жыртқан немесе жеген кезде балықтың жоғалуының алдын алу үшін, шарбақтарды жөндеу қажет болған жағдайда (шарбақтың балық өсіру шаруашылықтары үшін) әртүрлі ұяшықтары бар жаппай ауларын (бұзуларды жою) орнатуға;

9) балық шаруашылығы субъектілерінің даму жоспарын мерзімінен бұрын орындау және уәкілетті орган ведомствоның аумақтық бөлімшелеріне (бұдан әрі – Инспекция) есеп беруге;

10) еңсерілмейтін күш жағдайлары болған жағдайда, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 18-04/245 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11227 болып тіркелген) Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) участекерін бекітіп беру жөнінде конкурс өткізу қағидаларына және конкурсқа қатысуышыларға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес құратын конкурстық комиссия (бұдан әрі – комиссия) балық шаруашылығы субъектілерін дамыту жоспарын қайта қарау жөнінде ұсыныс енгізуге құқығы бар.

4. "Уәкілетті органның ведомствоның аумақтық бөлімшелері" Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген құзіреті шегінде осы шартты біржақты тәртіппен мынадай жағдайларда:

1) осы Шарттың талаптары жүйелі түрде бұзылған кезде;

2) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заннамасының талаптары жүйелі түрде бұзылғанда;

3) "Аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерін дамыту жоспарының үлгілік нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 18-04/287 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10890 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша Балық шаруашылығы субъектілерін дамыту жоспарына сәйкес міндеттемелер орындалмағанда немесе толық орындалмағанда бұзады.

### **3-тaraу. Тараптардың міндеттері**

5. Пайдаланушы "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес:

1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заннамасының талаптарын сақтауға;

2) жыл бойынша балық өсіру көлемін көрсете отырып, бекітіліп берілетін кезеңге балық шаруашылығы субъектілерінің даму жоспарын жасау және оны уақтылы орындау\*;

3) балық және басқа да су жануарларының рұқсат етілген түрлерін ғана өсіруді жүзеге асыруға;

4) балық және басқа да су жануарларын өсімін молайту және тауарлы өсіру жөніндегі технологияларды халыққа және қоршаған ортаға қауіпсіз, қоршаған орта мен жануарлар дүниесіне теріс етуге жол бермейтін тәсілдермен пайдалануға;

5) "Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрінің міндеттін атқарушының 2013 жылғы 29 қарашадағы № 363-Ө бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9203 болып тіркелген) бекітілген нысандар бойынша және тәртіппен Инспекцияға мәліметтер ұсынуға;

6) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңнамасы талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылау мен қадағалау мақсатында тексерулерді жүзеге асыруға кедергі келтірмеуге;

7) қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асырғанда Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес экологиялық рұқсат алуға;

8) өздеріне бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) участкелерінде, сондай-ақ жағалау жолақтарында өсіру орындарын, бақтарды тиісті санитарлық және экологиялық жағдайда ұстауды қамтамасыз етсін.

6. "Үәкілдеп органның ведомствоның аумақтық бөлімшелері" Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыretі шегінде комиссияның "пайдалануышының" балық шаруашылығы субъектілерін дамыту жоспарын қайта қарау жөніндегі ұсыныстарын қарауын қамтамасыз етеді.

#### **4-тaraу. Тараптардың жауапкершілігі**

7. "Пайдалануышы" осы шарт бойынша өзінің міндеттемелерін ешкімге толығымен де, ішінәра да бермеуі тиіс.

8. Осы шарттың шеңберінде "Пайдалануышының" құқықтары бұзылған жағдайда Инспекция немесе "Жергілікті атқаруышы орган (Әкімдік)" "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жауапты болады.

#### **5-тaraу. Бой бермейтін күштің мән-жайлары**

9. Егер осы Шарттың қандай да бір міндеттемелерін орындау немесе тиісінше орындау бой бермейтін күштің мән-жайларынан туындаған, Тараптардың ешқайсысы оларды орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін жауапты болмайды.

10. Бой бермейтін күштің мән-жайлары деп Тараптардың бақылауына көнбейтін, олардың қателігімен немесе салақтығымен байланысты емес және тосын сипатқа ие осы Шартты орындауға кедергі келтіретін оқиға танылады.

11. Бой бермейтін күштің мән-жайлары туындаған жағдайда, Пайдаланушы бұл жайында почтамен немесе факсимильді байланыспен бой бермейтін күштің мән-жайлары басталған уақытты және сипаттамасын нақтылайтын жазбаша хабарлама тапсыру және (немесе) жөнелту арқылы Инспекцияны дереу хабардар етеді.

12. Бой бермейтін күштің мән-жайлары туындаған кезде, Тараптар орын алып отырған жағдайдан шығудың амалын іздестіру үшін Инспекция өкілдерінің қатысуымен дереу кеңес өткізеді және бой бермейтін күш мән-жайларының зардаптарын барынша азайту үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін барлық құралдарды пайдаланады.

13. Осы тарауда көрсетілген бой бермейтін күштің мән-жайларын құзыретті мемлекеттік органдар мен ұйымдар растаған болса, олар занды болып танылады.

## **6-тарау. Қорытынды ережелер**

14. Осы Шарт қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және 49 жыл мерзімге жасалған.

15. Осы шарттың қолданылуы:

- 1) балық шаруашылығын жүргізуден ерікті түрде бас тартқан;
- 2) осы шарттың қолданылу мерзімі аяқталған;
- 3) "Пайдаланушиның" қызметі тоқтатылған;
- 4) балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) участеклері бекітіліп берілген жер участеклері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекет мұқтажына алып қойылған;

5) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де негіздер туындаған жағдайларда тоқтатылады.

"Пайдалануши" қызметі тоқтатылған жағдайда күнтізбелік он күн ішінде уәкілетті органның ведомствоның аумақтық бөлімшелерін пошта арқылы жазбаша хабарлама жіберу арқылы қызметінің тоқтатылғаны туралы хабардар етеді.

16. Балық шаруашылығын жүргізу бойынша дауларды шешу қезінде Тараптар осы Шарттың талаптарын және Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

17. "Пайдаланушиға" бекітіліп берілген осы балық шаруашылығын жүргізуге арналған шартқа қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы паспорт шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

18. Осы Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде жасалса және оған екі тараптың уәкілетті өкілдері қол қойса занды күшке ие болады және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

19. Тараптар осы Шарттан туындаған дауларды келіссөздер арқылы шешуге тырысады, ал егер Тараптар келісімге келе алмаса, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен шешіледі.

20. Осы Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде бірдей занды күші бар \_\_\_\_\_ данада жасалды.

### 7-тарау. Тараңтардың занды мекенжайлары, деректемелері және қолтаңбалары

Уәкілетті органның  
ведомствоның аумақтық  
бөлімшелері

(атауы)

(почталық мекенжайы)

(банктік деректемелері)

(лауазымы, аты, әкесінің аты  
(бар болса), тегі)

(қолы, мөрі (бар болса)

"Пайдаланушы" \_\_\_\_\_

(атауы) \_\_\_\_\_

(почталық мекенжайы) \_\_\_\_\_

(банктік деректемелері)

\_\_\_\_\_ (лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі

(кол, мөр орны (жеке кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын адамдарды қоспағанда)

Ескертпе: \* – бой бермейтін күштің мән-жайларында балық шаруашылығы субъектілерінің даму жоспарларына балықтарды тауарлық өсірудің жыл сайынғы көлемін түзету бөлігінде өзгерістер енгізілуі мүмкін.

Балық шаруашылығын  
жүргізуге арналған шартқа  
(көлде тауарлы балық  
шаруашылығын немесе тор  
қоршамада балық өсіру  
шаруашылығын жүргізу кезінде)  
қосымша  
Нысан

### Балық шаруашылығы су айдынының және (немесе) участкесінің паспорты

(су айдынының және (немесе) участкесінің атауы)

### 1-тарау. Географиялық орналасуы

Әкімшілік облысы \_\_\_\_\_

Әкімшілік ауданы \_\_\_\_\_

Су айдынының орналасқан жері \_\_\_\_\_

(жақын маңдағы елді мекеннің атауы, су айдынының,

орналасу бағыты, шақырыммен қашықтығы)

Участкениң шекаралары \_\_\_\_\_  
(шекараның сипаттамасы, координаталары)

---

## 2-тарау. Физикалық сипаттамасы

Ұзындығы, шақырым \_\_\_\_\_  
Ені, шақырым \_\_\_\_\_  
Алаңы, гектар \_\_\_\_\_  
Ең жоғарғы терендігі, метр \_\_\_\_\_  
Орташа терендігі, метр \_\_\_\_\_

## 3-тарау. Биологиялық сипаттамасы Глава

Су айдынын:  
сүсіті өсімдігінің басу дәрежесі \_\_\_\_\_  
(қатты, орташа, әлсіз)  
суасты өсімдігінің басу дәрежесі \_\_\_\_\_  
(қатты, орташа, әлсіз)  
Фитопланктонның даму дәрежесі (судың гүлденеуі) \_\_\_\_\_

(қатты, орташа, әлсіз)

Су айдыны фаунасының түрлік құрамы:

ихтиофауна \_\_\_\_\_

сүтқоректілер \_\_\_\_\_

омыртқасыз су жануарлары \_\_\_\_\_

Су айдыны кәсіпшілік фаунасының түрлік құрамы:

ихтиофауна \_\_\_\_\_

сүтқоректілер \_\_\_\_\_

омыртқасыз су жануарлары \_\_\_\_\_

Су айдынының балық өнімділігі, гектарына килогамм:

ихтиофауна \_\_\_\_\_

сүтқоректілер \_\_\_\_\_

омыртқасыз су жануарлары \_\_\_\_\_

## 4-тарау. Шаруашылық сипаттамасы

(өнеркәсіптік кәсіпорындардың ағын суларымен, өндірістің басқа да  
қалдықтарымен) су айдынының ластануы

Сутартқыштар \_\_\_\_\_

(сұтартқыш құрылыштардың типтері, қуаттылығы, ведомстволық тиістілігі)

Тартымдардың, қалқымалардың, қосындардың, су айдынының (учаскесінің) балық ресурстарын пайдаланудың басқа да тұрақты орындарының саны

---

---

Басқа мәліметтер

---

---

Осы паспорт екі данада жасалды және балық шаруашылығын жүргізуге арналған шарттың ажырамас бөлігі болып табылады. Осы паспорты рәсімдеген жергілікті атқарушы органның атауы

---

Мөрдің (бар болса)орны

Басшы \_\_\_\_\_

(Аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

\_\_\_\_\_  
(қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК